

Түркістан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 1 шілдедегі № 134 "Түркістан облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Түркістан облысы әкімдігінің 2026 жылғы 28 қаңтардағы № 32 қаулысы

Түркістан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Түркістан облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы" Түркістан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 1 шілдедегі №134 қаулысына келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулының "Түркістан облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже" деген қосымшасына осы қаулының қосымшасына сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

2. "Түркістан облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап күнтізбелік бес жұмыс күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Түркістан облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Түркістан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Н. Көшеров

Түркістан облысы әкімдігінің
2026 жылғы "

" _____
№ қаулысына қосымша

"Түркістан облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы Ережеге енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар мәтіні

"Түркістан облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы Ережеге келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

16-тармақ: келесі редакциядағы 4-1), 37-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"4-1) креативті индустриялар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;"

"37-2) өз құзыреті шегінде мәдениет саласындағы коммуналдық меншікті басқаруды жүзеге асыру;"

21), 24), 25), 30) тармақшалары келесі редакцияда жазылсын:

"21) Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ерекше мәртебеге ие облыстық маңызы бар қаланың аумағындағы тарихи-мәдени мұра объектілерін қоспағанда, тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтауды, есепке алуды, сақтауды, зерделеуді, пайдалануды және олардың жай-күйін мониторингтеуді қамтамасыз ету;"

"24) уәкілетті органмен келісу бойынша қала құрылысы жобаларын әзірлеу және бекіту кезінде, Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ерекше мәртебеге ие облыстық маңызы бар қаланың іс-шараларын орындауды, тарихи-сәулет тірек жоспарларын және карта-схемаларын жасауды қоспағанда, барлық санаттағы тарих және мәдениет ескерткіштерін анықтау, зерделеу, сақтау жөніндегі іс-шараларды орындауды, тиісті жергілікті жердің тарихи-сәулет тірек жоспарларын және карта-схемаларын жасауды қамтамасыз ету;

25) Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ерекше мәртебеге ие облыстық маңызы бар қаланың жоспарын қоспағанда, тиісті елді мекендердің бас жоспарларына тарихи-сәулет тірек жоспарларын енгізу жөніндегі жұмысты жүргізу;"

"30) Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ерекше мәртебеге ие облыстық маңызы бар қаланың аумағындағы жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін қоспағанда, тиісті аумақтардың экономикалық және әлеуметтік даму жоспарларында жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін есепке алуды, сақтауды, зерделеуді, оларға ғылыми-реставрациялық жұмыстарды және археологиялық жұмыстарды ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларды көздеу."